

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫ



1917 жылғы Ақпан революциясы барысында Алаш қозғалысының аясында қазақ ұлттық-демократиялық жастар қозғалысының да өрлеуі болды. Себебі қазақ қоғамында бұрын-соңды болып көрмеген қазақ жастарының идеялық тұрғыда ұйымдасуы және қоғамдық-саяси істерге белсене араласуы биік деңгейге көтерілді.

Алаш қозғалысының тарихын зерттеуші К.Нұрпейісов өзінің еңбегінде: «Ақпан революциясының жеңісінен кейін Қазақстанның 20-ға жуық қалалары мен елді мекендерінде оқушылардың, ауыл мұғалімдерінің бастарын біріктірген қазақ жастарының ұйымдары пайда болды. Олардың көпшілігі 1917 жылғы көктем және жаз айларында құрылды. Олардың қатарында Омбы қаласында құрылған «Демократиялық оқушы жастар кеңесі» мен «Бірлік» ұйымы, Ақмолада ұйымдасқан «Жас қазақ», Спаск-Заводының қазақ жастарын біріктірген «Жас жүрек», Әулиеата уезінің Мерке қыстағында Тұрар Рысқұлов ұйымдастырған «Қазақ жастарының революциялық одағы» т.с.с. болды. Сондай-ақ Семейде «Жанар», Қызылжарда «Талап» атты қазақ жастарының ұйымдары құрылды. Бұл ұйымдардың көпшілігі алғашқы кезде өздерінің алдына негізінен ағартушылық мақсаттар қойды. Жастар ұйымдары қазақ еңбекшілерінің арасында газет пен журналдар таратуды, халықтың сауатын ашуға көмектесуді, әйел теңдігі үшін үгіт жүргізуді өздерінің басты міндеттері деп түсінді.

Қазақстандағы саяси күштер, ең алдымен ұлттық-либералдық интеллигенцияның жетекшілері мен Ресей социал-демократиясының жергілікті ұйымдары өлке жастарының жоғарыда айтылған бұқаралық ұйымдарына ықпал жүргізу үшін күресті», - деп атап көрсетеді.

Омбыдағы ауылшаруашылық училищесінде оқыған, 1916 жылдан бастап «Бірлік» ұйымының қызметіне белсене араласқан С.Сәдуақасовтың баяндауы бойынша Қазақстанның барлық аймағында тек қана Алашшыл жастар ұйымдарының ұзын саны 21-ге жеткен. Ол өзінің 1921 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Жастарға жана жол» атты еңбегінде: «1912-ші жылдан бастап 1917-ші жылғы төңкеріске шейін бірен-саран ашылып келген ұйымдардың бәрі жасырын іс жүргізіп келді. 1917-ші жылдан былай жастар ұйымдарына ашылуға ерік болған соң, әр жерлерден бүрк-бүрк етіп ұйымдар шыға бастады. 1917 жылы Қазақстанда мынадай ұйымдар ашылды: «Еркін дала» (Орынборда), «Жанар» (Семейде), «Оқытушылар ұйымы» (Семейде), «Талап» (Семей облысы, Шығыс болысында), «Игілік» (Орынборда), «Қамқор» (Торғайда), «Жас қазақ» (Оралда), «Үміт» (Троицкіде), «Талап» (Қызылжарда), «Оқығандар» (Көкшетауда), «Ұйым» (Екібастұз зауытында), «Ғылым ұйымы» (Керекуде), «Ынтымақ» (Атбасарда), «Жас жүрек» (Спаск зауытында), «Жастар ұйымшасы» (Бөкей Ордасында), «Жас қазақ» (Ақмолада), «Қазақ жәрдемі» (Зайсанда), «Ерік» (Баянауылда), «Қызмет» (Керекуде), «Жас тілек» (Ақтобеде), «Ғылым» (Керекуде)», - деп сол кездегі жаппай құрылған жастар ұйымдарының тізімін келтірген.

Омбы облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған «Үш жүз» партиясының жетекшілерінің бірі Көлбай Тоғысовтың қылмыстық ісіне қатысты құжаттардағы қазақ жастарының «Бірлік» ұйымына байланысты деректерде 1918 жылдың басында барлық өңірлердегі қазақ жастарының мәдени-ағартушылық ұйымдарының саны 51-ге жеткендігі көрсетілген. Сөйтіп, ақпан революциясынан кейінгі қазақ өлкесіндегі демократиялық жаңғырулар қазақ жастарының қоғамдық-саяси белсенділіктерін арттырып, барлық өңірлерде жастар

ұйымдарының жаппай құрылуына алып келген. Мұның өзі қазақ ұлттық-демократиялық жастар қозғалысының жаңа сапалық деңгейге көтерілгендігінің айқын белгісі еді.

Бұл ұйымдардың жетекшілеріне келер болсақ, Орынбордағы «Еркін даланы» Ж.Жәнібеков, Семейдегі «Жанарды» Манан Тұрғанбаев, Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Шығыстағы «Талап» ұйымын атақты ақын Абай Құнанбаевтың ұлдары, Көкшетаудағы «Оқығандарды» Айтхожин, Атбасардағы «Ынтымақты» Бермұхамед Айбасов, Шермұхамед Темірбеков, Ақтобедегі «Жас тілекті» О.Нұрмұхамедов, Әлімгерей Ершиндер басқарған. Міне, осы жетекшілердің жастар ұйымдарының қызметтерін үйлестіріп отырғандығы айқын. Басқарушы комитет ұйымының бағдарламасын жасап, жастардың мақсат-міндеттерін айқындап, жалпы жиналыста қазақ қоғамының өткір мәселелерін талқылап отырған. Осылайша, бұл кезеңде қазақ жастары туған халқының тәуелсіздігі жолындағы күресте ұлт зиялыларына тірек болар әлеуметтік және саяси күшке айналды.

Сонымен 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін қазақ өлкесінде қалыптасқан саяси ахуалға, әлеуметтік жағдайға сипаттама жасай отырып, осы кезеңде өріс алған қазақ ұлттық-демократиялық жастар қозғалысына қатысты мынадай қорытынды жасауға болады. Біріншіден, өз ата-бабасының жерінен, дәстүрлі ел басқару құрылымынан айырылып, рухани жағынан қыспаққа ұшыраған қазақ халқының ақпан революциясының нәтижесінде патша үкіметінің құлағандығы туралы хабарды зор қуанышпен, үлкен күлшіныспен қарсы алғандығы байқалады.

Екіншіден, елдегі демократиялық жаңғыруларға байланысты ұлт-зиялылары да өз пікірлерін білдіріп, жаңа үкіметті қолдау мақсатында қазақ елін басқару ісіне белсенді түрде араласқан. Осы уақытқа дейін қазақ жерінің тұтастығын, халқының азаттығын, елінің егемендігін ойлап келген ұлт-зиялылары қазақ халқының ұлт-азаттық күресінде ең шешуші кезеңнің туғандығын ұққан еді. Сондықтан олар қазақ қоғамының ұйымдық-идеялық тұрғыда бірігуіне, топтасуына бағытталған ұйымдастыру шараларын жүргізіп, қазақ елдігін қалыптастыру мақсатында халықтың арасында біртұтас Алаш идеологиясын насихаттап, ұлттық мемлекеттік тәуелсіздікке жету жолында саяси күреске шыққан болатын.

Үшіншіден, 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін елдегі демократиялық үрдістердің жандануына байланысты қазақ ұлттық-демократиялық жастар қозғалысының үлкен қарқынға ие болғандығын байқауымызға болады. Бұл кезеңде қазақ жастарының арасында ұлт мүддесіне қызмет етуге бағытталған идеялық бірлік өте күшті болған, осыған сәйкес жастардың қоғамдық-саяси өмірге араласуының жоғары деңгейде болуы заңды құбылыс еді. Әрине, алғашқы кезде жаппай құрылған жастар ұйымдары өздерінің алдына тек мәдени-ағартушылық мақсаттарды қойса, елдегі саяси күштердің арасындағы тектестіктің күшеюіне байланысты олардың қызметі де саясат шеңберіне тартыла бастаған. Алаш қайраткерлері қазақ елдігі, ұлтының теңдігі үшін жүргізген күресінде жастарға саяси-рухани тәрбие беру мақсатында әлеуметтік істерге, саясат тәсілдеріне баулуға көңіл бөлгендігі жастар ұйымдарының жұмысын жандандыруда үлкен демеу болған. Осыған орай жастар қазақ халқының арасында өркеніет үлгілерін дамытумен қатар елді басқару ісінде Қазақ комитеттерін құруға, Земстволық басқаруды енгізуге, Құрылтай жиналысының сайлауын ұйымдастыруға бағытталған іс-шараларға қатынасып отырған. Осылайша қазақ ұлтының болашағы үшін күресте жастардың саяси белсенділігіне қозғау салынып, қазақ ұлттық-демократиялық жастар қозғалысы кең етек алған.

Ал осы 1917 жылғы қос революция тұсындағы саяси өзгерістер Алашшыл бағыттағы қазақ ұлттық-демократиялық жастар қозғалысының өрістеуіне ықпал етіп қана қоймай, социал-демократиялық бағыттағы жастар қозғалысының да қалыптасуына негіз жасады. Бұл ретте елдегі революциялық жаңғыруларға байланысты Қазақстандағы революциялық мақсаттарды көздеп құрылған қазақ жастар ұйымдарының қызметтерін, бұл топқа біріккен жастардың саяси қозғалыстарын айқындап көрсеткен

орынды болып табылады.

Елдегі революциялық қозғалыстың және Ақпан революциясынан кейін орын алған әлеуметтік-саяси өзгерістердің ықпалымен кейбір жастар ұйымдары («Қазақ жастарының революциялық одағы», «Жас қазақ», «Демократиялық оқушы жастар кеңесі, т.б.) біртіндеп өз программаларына ағартушылық мақсаттармен қатар ауылдағы үстем таптарға, Уақытша үкіметке қарсы күрес талаптарын кіргізіп, түбірлі әлеуметтік, таптық мәселелерді көтере бастады.

Мысалы, 1917 жылдың жазына қарай Ақмолада С. Сейфуллин, Б.Серікбаевтың тікелей басшылығымен құрылған «Жас қазақ» ұйымы өзінің «Тіршілік» атты газетін шығарып, Уақытша үкіметтің жергілікті органдарына, бай-феодалдарға, алашшылдарға қарсы күрес жүргізді. Алғашқы кезде «Жас қазақтың» 40 адамға жуық мүшесі болды. Оның жұмысына Ж. Нұркін, Б.Әділов, Р.Дүйсенбаев, Н.Бекмұхамедов т.б. қызу ат салысты. Көп кешікпей большевиктік партияға мүше болған жоғарыда аталған адамдар басқарған «Жас қазақ» («Қазақ» газетінің, ал 1917 жылғы шілдеден бастап «Алаш» партиясының ықпалы күшті болып отырған уездік қазақ комитетіне қарсы күресті таптық тұрғыдан жүргізді.

Сонымен қатар осы кезеңде құрамында отызға жуық мүшесі болған Тұрар Рысқұлов ұйымдастырған Меркедегі «Қазақ жастарының революциялық одағы» Әулиеата уезіндегі белгілі большевиктер Н.Чернышев, С.Хмелевский, С.Федоров-Завадскийлермен және Әулиеата әскери гарнизонындағы большевиктік пиғылдағы солдаттармен тығыз байланыс жасады. «Одақ» мүшелері жергілікті большевиктердің ықпалымен уездік қазақ еңбекшілерінің арасында революциялық үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Сол сияқты Омбы оқу орындарында оқитын қазақ жастарының «Бірлік» ұйымының солшыл қанаты дербес «Демократиялық оқушы жастар кеңесіне» топтасты. Оның құрамында кейін социалистік революция үшін және оның жеңістерін баянды ету жолында белсене күрескен Ә. Досов, Ж. Сәдуақасов, Х.Жүсіпбеков, Т.Арыстанбеков т.б. болды. Бұл ұйым Омбы жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесінен қаржы алып тұрды және сол кезде Ақмолада болған С.Сейфуллин мен омбылық большевик Залман Ловковтың күшті ықпалында болды. «Революциялық оқушы жастар кеңесі» «Алаш» партиясы мен оның Омбыдағы жастар бөлімшесі болған «Бірлік» ұйымына қарсы идеялық позицияда болды. Сонымен, 1917 жылғы қос революция тұсында екі бағытты ұстанған жастар ұйымдарының болғандығы айқын болып отыр. Бір топ жастар Алаштық жолды қолдап, ұлттық-демократиялық көзқарастарды ұстанса, екінші топтағы революцияшыл жастартаптық қанаушылықпен күрескен большевиктердің идеяларын қуаттап, социал-демократиялық бағыт-бағдарға басымдық берген.

Саясат ісінде тәжірибелері тым аз жастардың қателесулері, біріншіден, сол кездегі саяси ағымдардың әр ауандығы болса, екіншіден, жастар ұйымдарының басын біріктіретін ортақ ұйымның болмауынан еді. Бұдан жер-жерлердегі жастар ұйымдарының жұмыстарын, іс-әрекеттерін бір тәртіпке түсірудің, жүйеге келтірудің, олардың қызметтерінде басшылыққа алатын ортақ жоба жасаудың қажеттігі туындады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру жолында Омбыдағы «Бірлік» ұйымы I жалпы қазақ жастарының съезін шақыруды қолға алады. Бұл съезд 1918 жылы 5-13 мамыр аралығында Омбы қаласында болып өтті.

«Бірлік» қауымы Кіндік Кеңесінің съезд шақырушы комиссия мүшелері: Б.Серкебаев, А.Сейдалиев, Х.Кемелгерев, С.Сәдуақасов, А.Байділдин, М.Сейітов, Ж.Бабабаев еді. Бұл съезде саясат, кооперация, жастар ісін ұйымдастыру, жәрдем үйін ашу, ауыл шаруасы, дәрігерлік, оқу, әйел, жұмыскерлер мәселелері қаралған.

Бұл съезде жастар сол кезеңдегі қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, мәдени-ағартушылық салаларындағы ең өткір, ең зәру мәселелерін қарастырып, 1) Қазақ-қырғыз жастарының бар ұйымдары бірікпесін; 2) Бар ұйымдар ортасынан бір Кіндік Комитет сайласын; 3) Кіндік Комитетке әрбір ұйым өзінің барлық қазынасынан 15 процентін берсін; 4) Бар ұйымдарда бір-ақ программа,

бір-ақ ат болсын. Бұған съездің қойған аты «Жас азамат»; 5) «Жас азамат» атынан газет шықсын; 6) Баспахана пайдасына Кіндік Комитетке ұйым басы 300 сомнан ақша берсін деген қаулы қабылдаған.

Съезд 5 кісілік Кіндік Комитетін сайлайды. Оның құрамына Ғ.Мурзин, Ғ.Досумбеков, Ә.Байділдин, М.Сейітов, С.Сәдуақасов кіреді. Осындай жағдайда барлық қазақ жастар ұйымдарының басын қосып іс қылуы, ұлт мүддесі үшін күресте күш біріктіруді көздеген «Жас азамат» ұйымы саясат сахнасына көтерілді. Бұл ұйымның дүниеге келуі Алаш партиясының, Алаш Орда үкіметінің мақсат-мұраттарын жүзеге асыруға жәрдем беретін, саяси қайраткерлердің орнын басатын жастарды баулып, тәрбиелеу міндетінен туындаған еді. Сөйтіп, өзге ұйымдарға қарағанда тәжірибесі молдау Омбыдағы «Бірлік» ұйымы жастарының I жалпы қазақ жастар съезінің ұйымдастырылуына мұрындық болып, онда қазақ қоғамындағы ең маңызды мәселелердің талқыға түсуін, барлық қазақ жастар ұйымына басы болар «Жас азамат» ұйымының құрылуын қазақ ұлттық-демократиялық жастар қозғалысының шырқау кезеңі ретінде қарастыруға болады.

Азаматтық қарсыласу жылдары қазақ ұлттық-демократиялық жастар ұйымдарының қызметтерінде қиындықтар байқала бастаған. Бұл кезеңде Кеңестік биліктің нығаюы барысында қазақ ұлттық-демократиялық жастар ұйымдарының қызметтері әлсіреп, оларға жергілікті Кеңестік билік органдары тарапынан кедергілер келтіріле бастады. Сонымен қатар қазақ ұлттық-демократиялық жастар ұйымдарының мүшелеріне комсомол ұйымдарының құрылуына байланысты революцияшыл бағыттағы жастармен күрес жүргізуге тура келген болатын. Осыған қарамастан «Жас азамат» ұйымының төңірегіндегі жастар өздерінің мақсаттарына жету үшін бар күш-жігерлерін сала қызмет атқарған еді. Алайда, қазақ жерінің кейбір өңірлеріндегі саяси ахуалдың тез өзгеріп отыруы, жердің шалғайлығы, қаржының тапшылығы «Жас азамат» ұйымының барлық қазақ жастар ұйымдарымен байланыс орнатып, олардың жұмыстарына жол басшылық жасауына кедергі келтіргендігі заңдылық болатын.

Қазақстанның барлық өңірлерінде Кеңестік биліктің орнап, коммунистік партияның идеологиясының үстемдік құруы қазақ ұлттық-демократиялық жастар ұйымдарының қызметтерінің әлсіреуіне, кейін олардың толықтай жабылуына алып келді. Оның есесіне комсомол ұйымдарының жаппай құрылуына барлық жағдай жасалып, билік орындарының тарапынан бұл ұйымның қатарына жастарды көптеп тартуға басымдық берілді. Бұл саясаттың өз кезегінде Кеңестік биліктің нығаюына ықпал жасап, қазақ жастарының өздерінің бұрынғы либералдық-демократиялық көзқарастарынан бас тартуына, коммунистік идеологияның талаптарына мойын ұсынуына, социал-демократиялық бағытқа ауысуына итермелегені мәлім. Осы жағдай қазақ ұлттық-демократиялық жастар қозғалысының дағдарысқа ұшырап, жастардың қазақ халқын өркеніетті халықтардың қатарына қосу үшін жасаған әрекеттерінің, қазақ ұлттық мемлекеттілігін қалыптастыру бағытындағы саяси күрестерінің өз жалғасын таба алмауына әкеліп соқтырды. Жалпы ұлт зиялыларының, қазақ жастарының туған халқының азаттығы үшін күресінің тоқтатылуы, Кеңестік тоталитарлық саяси жүйенің орнығуы қазақ халқының тәуелсіздікке жету жолындағы асқақ армандарын жүзеге асыруды бірнеше ондаған жылдарға кешеуілдетті. Десек те қазақ жастарының демократияшыл, өршіл рухы толық сөнбей, Кеңес өкіметі жағдайында да өзінің тарихи жалғасын тапқандығы белгілі. Ал XX ғасырдың басындағы қазақ даласындағы демократиялық жаңғырулар, ұлт зиялыларының және қазақ жастарының ұлттық мемлекеттік дербестікке жету жолындағы саяси күресі мен ой-армандары Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің тарихи бастамалары, қазіргі Мәңгілік Ел болу мұратымыздың рухани бастаулары іспетті.

Ескайрат ХАЙДАРОВ,
Қазақстан тарихы және ӘГП
кафедрасының аға оқытушысы, тарих
ғылымдарының кандидаты